

**6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісінің**

**ПІКІРІ**

Оқушылардың математикалық есептерді шеберлікпен шығаруы үшін, олар математиканы және қиындығы әртүрлі деңгейдегі есептерді сәйкес әдістермен шығара білуі керек екендігі талқылауға болмайтын шарт.

Ал математиканы оқытудағы басты мәселе – ол оқушыларды есеп шығаруға үйрету қажеттігі. Сонымен қатар, білім теориясы мен практикасында математиканы оқытудың негізгі мақсатына жетуде есеп шығара білу басты қызметші екендігі белгілі. Математикалық есептерді, оның ішінде орта мектеп математикалық есептерін шығарудың негізгі міндеттері - оқыту, тәрбиелеу, дамыту, бақылау және т.б. болып табылады. Мектеп математикасын оқыту барысында мұғалімнің оқушылардың математикаға деген қызығушылық ынтасын есеп шығару арқылы арттырып, есептің өзіндік логикасы мен құдіретін (көркемдігін) түсіндіре білуді әдістемелік тұрғыдан қарастыру қажеттігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осы орайда, қорғауға ұсынылып отырған «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс математиканың теориясы мен әдістемесі саласын дамыту барысында өте қажетті ғылыми-әдістемелік еңбектердің бірі болып табылады.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының құндылығы бүгінгі таңда орта мектеп білімінің жаңарған мазмұны негізінде ізденуші Жумалиева Ляззаттың бірлескен авторлықпен «Орта мектептің 7 сыныбына арналған «Есептер жинағы» оқу құралымен тікелей байланыста болып отыр. Бұл «Есептер жинағы» қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде «Мектеп» баспасынан шығып, үстіміздегі жылдың қыркүйек айынан бастап 7 сынып оқушыларының оқу үрдісінде.

Сонымен қатар, ізденушінің диссертациялық жұмысының мақсаты, қойылған міндеттерінің әр кезеңі, ғылыми жаңалығы, теориялық және әдістемелік негіздері, қорғауға ұсынылған қағидалары және т.б. практикалық құндылықтары толықтай оқу эксперименті барысында және орта мектеп мұғалімі ретінде атқарған қызметінің негізінде дәлелденген. Оның айғағы - ізденушінің бірлескен авторлықпен жазған «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» (Алматы, Мектеп баспасы, 2017. - 250б., ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған) оқу құралы. Атап өткен жөн, бұл оқу құралы егемендік алғанымыздан бергі республикамызда екінші рет зерттеу мәселесі бойынша жазылған кітап (алғаш рет 2004 жылы «Комплекс» баспасынан шыққан).

Диссертациялық жұмыста бүгінгі күн талаптарына сай оқушыларды математикалық есептерді, оның ішінде стандартты емес, күрделілігі жоғары және тексті есептерді, шығаруға оқытудың әртүрлі әдістері мен функциялары анықталып, мүмкіндігінше автордың көп жылдары мектеп математика мұғалімі ретінде жетілдірілілген тәжірибе нәтижелері баяндалған.

Диссертациялық жұмыста орта мектеп математика сабақтарында есеп шығаруды оқытуды заманауи талабына сай әрдайым жетілдіруді ұйымдастыру формасы, оқу процессінің даму тенденцияларының бағытына бейімдей отыра, зерттеу проблемасын оқытудың үш біртұтас - білім беру, тәрбиелік, дамытушылық - функцияларын үйлесімді негізге ала отырып жүзеге асыру қажеттігіне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қоса, математика сабағы барысында мұғалімнің оқушыларды есеп шығаруға үйретіп қана қоймай, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі стандартты емес математикалық есептерді шығара білумен қатар, оны әртүрлі, бірнеше тәсілмен шеше білуі және оқушыларды есеп шығару барысында ұжымдық және жеке дара жұмыс жасай алуға ұйымдастыра білу қажеттігі туралы ұсыныстар берілген.


Жалпы Л.Д.Жумалиеваның диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми дәрежеде орындалған. Зерттеу жұмысының орта мектепте математиканы

оқыту процесінде есеп шығаруды, оның ішінде стандартты емес - қиындығы күрделі есептерді, оқытудың әдістемелік негізін жасап, нәтижесін мектеп оқу процесінде іске асыру мақсаты толығымен эксперимент арқылы дәлелденген және мазмұны жаңартылған орта білім жүйесінде орын алған.

Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ал, автор 6D010900 - «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғыл. ҚазҰПУ (есші):  
ҚРҰҒА корреспондент мүшесі,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
математика, физика және информатиканы  
оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор

А.Е. Әбілқасымова



Рәстаймын:	Абай атындағы ҚазҰПУ Кадр бөлімінің бастығы
Зверряю:	Начальник отдела кадров КазНПУ имени Абая
Қолы Подпись:	